

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы үлгі шарттарын бекіту туралы" 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 138 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 29 қазандағы N 169 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 11 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5400 болып енгізілді. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009 жылғы 27 ақпандағы N 36 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009 жылғы 27 ақпандағы N 36 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

Жинақтаушы зейнетақы қорлары қызметінің айқындылығын арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы

Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы үлгі шарттарын бекіту туралы" 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 138 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2345 тіркелген) Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 2345 тіркелген "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы үлгі шарттарын бекіту туралы" 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 138 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 113 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2860 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде 2004 жылы жарияланған N 29-32, 974-күжат, 2005 жылғы 2 қыркүйекте "Заң газеті" газетінде N 96-97 (721) санында жарияланған), Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 2345 тіркелген "Қазақстан

Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы үлгі шарттарын бекіту туралы" 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 138 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2004 жылғы 25 қазандағы N 306 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3229 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінің Бюллетенінде 2005 жылы жарияланған N 9-13, 41-құжат), Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы үлгі шарттарын бекіту туралы" 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 138 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2005 жылғы 28 мамырдағы N 166 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3721 тіркелген), Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы үлгі шарттарын бекіту туралы" 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 138 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және жинақтаушы зейнетақы қорының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның және кастодиан банктің акционерлері туралы ақпараттың көлемін айқындау туралы" 2005 жылғы 26 қарашадағы N 416 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3986 тіркелген, 2006 жылғы 20 қаңтарда "Заң газеті" газетінде N 8-9 (815) санында жарияланған), Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы үлгі шарттарын бекіту туралы" 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 138 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" 2006 жылғы 25 наурыздағы N 70 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4212 тіркелген), Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне сәйкестендіру нөмірлері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 28 мамырдағы N 155 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4803 тіркелген , Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де Орталық мемлекеттік органдары актілерінің жинағында 2007 жылы шілдеде-тамызда жарияланған) енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге мынадай толықтырулар енгізілсін:

1 - қ о с ы м ш а д а :

Міндетті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы үлгі шартта :

2-тармақ мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

"11-1) Салымшының/Алушының өтініші бойынша бағалы қағаздардың атауы мен санын, сондай-ақ Қордың зейнетақы активтерінің жалпы сомасына аталған бағалы қағаздарға салынған инвестициялардың пайыздық ара қатынасын көрсете отырып, Қордың инвестициялық портфелінің құрылымы туралы ақпаратты ұсынуға ; " ;

3-тармақ мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында бағалы қағаздардың атауы мен санын, сондай-ақ Қордың зейнетақы активтерінің жалпы сомасына аталған бағалы қағаздарға салынған инвестициялардың пайыздық ара қатынасын көрсете отырып, Қордың инвестициялық портфелінің құрылымы туралы мәліметтерді жариялауға;" ;

2 - қ о с ы м ш а д а :

Ерікті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы үлгі шартта (жеке тұлға болып табылатын Салымшы үшін):

2-тармақ мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

"10-1) Салымшының/Алушының өтініші бойынша бағалы қағаздардың атауы мен санын, сондай-ақ Қордың зейнетақы активтерінің жалпы сомасына аталған бағалы қағаздарға салынған инвестициялардың пайыздық ара қатынасын көрсете отырып, Қордың инвестициялық портфелінің құрылымы туралы ақпаратты ұсынуға ; " ;

3-тармақ мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында бағалы қағаздардың атауы мен санын, сондай-ақ Қордың зейнетақы активтерінің жалпы сомасына аталған бағалы қағаздарға салынған инвестициялардың пайыздық ара қатынасын көрсете отырып, Қордың инвестициялық портфелінің құрылымы туралы мәліметтерді жариялауға;" ;

Ерікті зейнетақы жарналарының есебінен үшінші тұлғаның пайдасына зейнетақымен қамсыздандыру туралы үлгі шартта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

"10-1) Салымшының/Алушының өтініші бойынша бағалы қағаздардың атауы мен санын, сондай-ақ Қордың зейнетақы активтерінің жалпы сомасына аталған бағалы қағаздарға салынған инвестициялардың пайыздық ара қатынасын көрсете отырып, Қордың инвестициялық портфелінің құрылымы туралы ақпаратты ұсынуға ; " ;

3-тармақ мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында бағалы қағаздардың атауы мен санын, сондай-ақ Қордың зейнетақы активтерінің жалпы сомасына аталған бағалы қағаздарға салынған инвестициялардың пайыздық ара қатынасын көрсете отырып, Қордың инвестициялық портфелінің құрылымы

туралы мәліметтерді жариялауға;";
3 - қ о с ы м ш а д а :

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы үлгі шартта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

"10-1) Салымшының/Алушының өтініші бойынша бағалы қағаздардың атауы мен санын, сондай-ақ Қордың зейнетақы активтерінің жалпы сомасына аталған бағалы қағаздарға салынған инвестициялардың пайыздық ара қатынасын көрсете отырып, Қордың инвестициялық портфелінің құрылымы туралы ақпаратты ұ с ы н у ғ а ; " ;

3-тармақ мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында бағалы қағаздардың атауы мен санын, сондай-ақ Қордың зейнетақы активтерінің жалпы сомасына аталған бағалы қағаздарға салынған инвестициялардың пайыздық ара қатынасын көрсете отырып, Қордың инвестициялық портфелінің құрылымы туралы мәліметтерді жариялауға;".

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа е н г і з і л е д і .

3. Бағалы қағаздар нарығының субъектілерін және жинақтаушы зейнетақы қорларын қадағалау департаменті (М.Ж. Хаджиева):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға а л с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, жинақтаушы зейнетақы қорларына, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне мәлімет үшін ж і б е р с і н .

4. Агенттіктің Төрайым қызметі (А.Ә. Кенже) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға а л с ы н .

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары А.Ө. Алдамбергенге жүктелсін.

Төрайым

Е. Бахмутова